

**"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 30-1 Зайсан аудандық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы N 3-5/3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 шілдеде N 4591 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатыныстары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің № 319 бұйрығына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы Қағиданы бекіту туралы" 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 30-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3676 нөмірмен тіркелген, 2015 жылдың 21 ақпандағы аудандық "Достық" газетінің №8 санында жарияланған) Зайсан аудандық мәслихатының шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатыныстары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулыларына және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің № 319 бұйрығына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:"**;

көрсетілген шешіммен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен

тәртібі туралы" Қағидасының:

1- тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1.Осы Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағида "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулыларына және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылы 9 сәуіріндегі №319 бұйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындайды";

5- тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы ( азамат, не сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкіметтің [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал ) арқылы өтініш береді және " Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің " Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі №319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметі стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б. Булакпаев*

*Д. Ыдырышев*